



# САРЫЛАРҚА

**6** қаңтар, сейсенбі  
2009 жыл

# САМАЛЫ



№ 2  
(14340)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

Тәңіріміз қолдап, тәуелсіздікке қол жеткізген шағымызда ана тіліміздің алдағы тағдыр-болмысының айшықты боларына күмәнсіз едік. Баба тарихы мен мәдениетінен мүлде мақұрым қалып, мәңгүрттік кейіпке бейімделе бастаған бірегей қазақ елі «Бостандықтың» көгілдір байрағы аясында дүр сілкінді. Сол кезінде қол жеткізген ерелі істердің бірі ана тіліміздің қайта жаңғыруы болды. Өшкені жанып, төл тілі өзіне мемлекеттік дәрежеде қайта оралған ұлт өзін бақытты сезінді. Бұл күнделікті бұқара халық жән-тәнім сенізіп, қуана қарсы алды. Ата Заңымызда, қос бірдей Тіл Заңында, баба тілі мұрабамен бекітіліп, мемлекеттік дәрежеге ие болды. 2001-2010 жылдарға арналған ұзақ мерзімді бағдарлама қабылданып, онда басшылық іс-әрекеттердің мақсаттары мен міндеттері, оларды жүзеге асыру жолдары мен амал-тәсілдері белгіленді.

Тіл мәселелеріне байланысты игілікті істерді атқаруда Павлодар облыстық «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымы да үлесін қосып әрдайым алғы шептен көрініп келеді. Қазірде қоғам жұмысына Ертістің Көреку өңірінің алдыңғы буын ақсақалдарымен қатар, лауазымды ғылым, білім мамандары да белсене атсалысуда. Олар Елбасымыздың «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген қағидасын берік ұстанып, облыс әкімдігінің тілдерді дамытуға арналған кезекті бағдарламасын жүзеге асыруда аянбай тер төгуде. Облысымыздың құрылғанына 70 жыл толуына байланысты мерейлі жылында қаламыздағы өсем ғимараттардың бірі - «Достық үйінен» «Қазақ тілі» қоғамына да орын бөлінді. Келесі жылы өзінің 20 жылдығын атап өтуге дайындық үстінде қоғамдық бірлестікке билік тарапынан бұл лайықты тарту болды дей келе, мұндай үлгілі қадамға ризашылығымызды білдіріп, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру барысындағы істерімізге оның оң сергіліс береріне кәміл сенеміз.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін ерге бастырып, дамыту мәселесі Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың назарынан ешқашан тыс қалған емес. Осы бір күрделі мәселені бағзы біреулердің әлі де болса саяси сауданың құралына айналдырып, құрбандығына шалып жүргісі келіп тұрады. Бұл - өзге ғана емес, өз қаңдастарымыз тарапынан да орын алған құбылыс. Осының салдарынан бір кезде біз алғашында қол жеткізген нәтижелерден де ада болып қала жаздадық. Сол кезде өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген құмарлығы, ынта-ықыласы зор болды. Олардың өз балаларын қазақ тіліндегі балабақшалар мен мектептерге бере бастауын, жас ұрпақтың осы тілде өткізілетін алуан түрлі байқаулар мен фестивальдерге қызыға, жарыса қатысуын, ұлтымыздың тарихын, салт-дәстүрін, өнер-білімін игеруге деген күшталығын көргенде көңілімізге тіліміздің болашағына деген үлкен үміт оты ұлағандай еді. Естеріңізде болса, сол кездегі 5 пен 8 сынып аралығындағы тек қана өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен өткізіліп жүрген конкурстардың бірі «Әй, жарайсың!» деп аталды. Соңдай бір байқауға қатысқан №25 мектептің 6 жасөспірім қыздарының қазақ әндерін қысқа уақыт ішінде домбыраға қосып орындауды игеріп алғанын көріп, таң-тамаша қалып, қатты риза болған едік. Әрине, бір нәрсені сол қалыпта қайталай берсең, құны кетеді. Кейін басқа ойын-сауық түрлері, әртүрлі байқаулар дүниеге келді. Алайда оларға бұқаралық жетіспеушілікке жетіспейді. Әсіресе мектеп оқушылары арасында.

Қазірде БАҚ хабарлары халықты қатты алаңдатуда. Әсіресе кабельдік, жерсеріктік телеарналардың бағдарламалары балаар мен жасөспірімдерді тұншықтырып, тұмшалап алды. Ашып қалсаң, нағыз жын-шайтанның ойнағы дерсің: «настоящий мистический» деп шыға келеді. Және экран толған жарнама. Бір үнаған тәуір хабарды, фильмді көрейін десең, жөн-жосықсыз жалп еткізіп, жаңағы арзанқолды, көбіне орыс тілінен сауатсыз аударылған мән-мағынасы төмен жарнамалар басып

қалады. Қайсыбір көріністерді бала-шағамен бірге отырып қарау мүлде мүмкін емес. Ұяласың. Ал кейбір мультфильм сериалдарын балалар күнұзын қарауға бар (Том и Джерри), «Шрек», т.б.). Қорқады. Үркеді. Жаман түс көреді, ақыры ауруға да шалдығуы бар, бірақ бәрібір қарайды. Және олардың көбі орыс тілінде. Содан бала бесігінен белі шықпай жатып орыс тілінде сайрап ала жөнеледі. Ал біз содан соң бала неге қазақ тілін білмейді деп таң боламыз. Бұған орыс халқының еш кінәсі жоқ. Бұған кінәлі өзіміз. Мысалы, біздегі «Қазақстан-Павлодар», «Ирбис», КТК-7 арналарының бұл орайда ізденістері жоқ емес. Алайда бөлінген мерзімнің аздығынан, олар көбінесе «жаңалықтармен» шектеліп қалуға мәжбүр болып жүр. «Сынаны сынамен қағып шығару керек» дегендей, біз жаңағы «жынойнаққа» қарсы туру үшін тамаша құлшынып тыңдап, қызықтап

Балаларымыздың берісі Ресей отаршылдығына дейін мекінде 300 жыл, арысы Құмақ дәуіріне дейін 1000 жыл бойында төл қаламызды «Кереку» деп атап келгенін «Городская неделя» газетінің тілшісі Ю.Ковхаев «Кереку-ка-ре-ку» деп, мазақтап мақала жазды. Мақала жалпы үстірт, дәлелсіз, нанымсыз болғанымен, өз мақсатына жетіп тынды. Оның авторына лайықты тойтарыс берудің орнына енді кейбір шенеуніктердің әлгіден шошып-үркіп, қарамағындағыларға «Кереку» сөзін енді айтушы болмандар дегендей ишарасын байқап қалғандар бар. Бара-бара осы бір бабалардан мирас болып бізге жеткен киелі атау қолданыстан мүлде шығып қала ма деген күдік те жоқ емес. Осыған орай көңілімізде жаңағы біздің құзырлы туғаларымыз осы мәселені тереңдей зерттеп жүрген республика зиялы қауымына есімі таныамал археолог-ғалым Жамбыл Артықбаевтың, ҚР

аталған мақаласында Елбасының тікелей бастамасымен құрылған «Мемлекеттік тілді дамыту» қорын іске қосып, оны пайдалану жолдарына тоқталады. Қор тек қаржылық мәселелермен ғана айналыспай, өзі де ірі-ірі жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы керек дей келе, автор оларға келесі жобаларды жатқызды:

- ♦ ұлттық сана-сезімді күшейтіп, тарихи танымды тереңдетіп, ұлттық рухты асқақтататын жобалар. Қазақ болып туғанына, қазақ елінің азаматы болғанына деген мақтанышты қалыптастыруға бағытталған жобалар;
- ♦ мәдени-тілдік тұтастыққа бастайтын жобалар;
- ♦ қазақ тілінің ғылыми сипатын арттыруға ықпал ететін жобалар;
- ♦ қазақ тілінің қадірін арттыратын сапалы телехабарлар даярлау;
- ♦ балалар әдебиетіне арналған жобалар түзу;

# МАҚСАТЫМЫЗ - БІР, НӘТИЖЕ - ОРТАҚ

қарайтын хабарлар дайындауымыз керек. Ал енді жаңағы көрші ағайындардың келеңсіз көріністерін заңмен реттеу жолдарын қарастыруға әбден болар еді.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту барысындағы бөгелудің тағы бір себебі жайында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлы «Егемен Қазақстан» газетінің үстіндегі жылдың 20 қазанында жарық көрген «Нақты қадам, игілікті іс» атаулы мақаласында «Мемлекеттік мекемелердегі, қаржы саласындағы қызметкерлердің басым бөлігі қазақ тілін білмейді. Білсе де сөйлемейді, тіпті сөйлегісі де келмейді. Әйткені біздің мекемелердегі қалыптасқан құбылыс - қазақша сөйлемей, тіпті қазақша сөйлесең, сені кемсітетін жағдайлар бар. Құлдық сананың сүйекке сіңісті болып кеткендігінің көрінісі бұл. Бұл - біздің ең үлкен қателігіміз. Билік басындағылардың кемшілігі, еліміздің соры» деп жазады.

Бұл арада Өмекеңнің сөзінің екінші бір астарын «балық басынан ширдігі» меңзеп тұрғанынан байқауға болады. Бұдан шамасы 10-15 жыл бұрын қазақша білмейтін қазақтардың санын 40 пайыз деп жүруші едік. Енді ол 60 пайызға барды деп жазады кейбір басылымдар. Жеткен жеріміз осы болса, оңған екенбіз. Осы пікірді Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің төрайымы қадірлі Асылы Әлиқызы Османова өзінің «Ана тілі» газетінің соңғы нөмірінде (№44, 30.10.2008 ж.) жарық көрген «Мемлекеттік тілге деген құлшыныс қоғамдық санаға сілкініс береді» деген мақаласында нанымды мысалдар келтіріп, рұхтана жазып, растай түседі. «Тілден безгендер - ел тәуелсіздігіне аса қауіпті. Өзге елдің мәдениетіне еліктеп, өзінің ана тілінен безіп, «өзгеше» өмір сүретін азаматтар көбейіп барады. Тіл - адамның Отанына деген сүйіспеншілігін арттырудағы басты факторы. Ал бұл фактор жойылған жерде мемлекетшілдікке, ел тәуелсіздігіне белгілі бір деңгейде қауіп төнеді. Егемендікті аялайтын, егемендікті құрметтейтін әрбір азамат осы жолда өзінің жанын құрбан етуге дайын болуы керек», - деп түйіндейді ардақты апаларыңыз.

Осы тұста ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың: **Ал екінші бақытым тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімгегім. Кей-кейде гүніеген түңілсем ге, Қасиетті тілімнен түңілмегім,** - деген жолдары еріксіз еске түседі. Азаттыққа қол жеткізіп, өркеніетке қадам басқан осындай сындарлы кезеңде өзінің ана сүтімен енген баба тілінен жиіреніп, безгендей білік басындағы кейбір қаңдастарымызға не көрінді екен деймін-ау.

жазушылар Одағының мүшесі Арман Қанидың БАҚ-та жарық көрген материалдарының тым құрығанда біреуін зейін қоя оқып шықты ма екен деген сауал туындайды.

Ұлттық тілімізді дамытып, қолданысқа енгізу негізінен білім мен тәрбие беретін мекемелерде жүзеге асырылуы тиіс. «Тәрбие басы - тал бесік» деп бабаларымыз тегін айтпаған болар. Өлке аумағында бұл орайда қызметін үлгі етерлік сәбилер үйлері баршылық. Алайда олардың жалпы санының, оның ішінде оқу-тәрбие жұмысын қазақ тілінде жүргізетін балабақшалар көрсеткішінің мөжелі деңгейден көп төмен екені мәлім. Облыстық білім департаментінің мәліметі бойынша бүгінгі таңда Ертістің Павлодар өңіріндегі 92 мектепке дейінгі мекемелерде барлығы 17,7 (45 пайыз) мың бұлдіршіндер тәрбиеленсе, соның ішіндегі таза қазақ тілі қызметіндегі 18 мекемеде 2866 бала, 52 аралас балабақшада 3238 сәби тәрбиеленеді екен. Бұл деректерді салыстырғанда, бірыңғай мемлекеттік тәрбие беретін балабақшалардағы бөбектер саны жалпы көрсеткіштен 3 еседей кем екенін көреміз. Ауылдық жерлердегі 30 балабақша барлық сәбилердің небары 14,7 пайызын қамтитын көрінеді. Ойландыратын жағдай.

Сәбилер үйлерімен қамту жайы облыс орталығында да онша емес екенін көріп жүрміз. Мәселен, ондағы №19 балабақшаға былтырғы жазда 190-нан аса бала кезекке тұрғызылған екен. Оған 3 жаста тіркелген баланың оқу жасына жеткенше кезегі келу-келмеуі екіталай. Ал енді осы аймақта жекешелендіру науқанында сатылып кеткен 4 балабақшаның ең болмағанда біреуі қайтарылса, мәселенің түбегейлі болмаса да, біршама шешіліп қалары ешбір күмән туғызбаса керек.

Оқу ісі қазақ тілінде жүргізілетін мектептер бойынша да шешімін күткен мәселелер баршылық. Соның бірі - Павлодар қаласының орталығында осы іспеттес оқу орындарының жеткіліксіз болуы. Мұндағы №10 және №8 мектептер дарынды балаларға бейімделген және сыйымдылығы жеткіліксіз. Кезінде №22 аралас мектепті таза қазақ мектебіне айналдыру мәселесі біздің қоғам тарапынан қойылып, біршама реттеліп те қалғандай еді. Бірақ бұны білік қолдамады. Ал «Усолка» мәлтэк ауданында ашылған жаңа мектепке балалардың орталықтан және басқа шалғай жерлерден барып-келуі қиындық туғызуда. Осыған орай №10 мектептің бұрынғы ғимаратын өзіне неге қайтып бермеске және №8 мектептің ауласы есебінен тұрғызылған ғимаратын орнына жаңа мектеп ғимараты неге тұрғызылмады екен деген ой келеді.

Өмірзақ Айтбайұлы жоғарыда

♦ қазақтың көркем әдебиетін, прозалық туындыларды дамытуға ықпал ететін жобалар;

♦ тіл тазалығы мен тіл мәдениетін қалыптастыруға арналған жобалар;

♦ қазақ тілін қалалықтар тіліне айналдыру, жастар арасында қазақ тілінде сөйлеуді сөнге, мәнге айналдыру жобасы;

♦ қазақ тіліндегі электронды ақпараттық өтінімдерді дамыту;

♦ қазақ тілінің беделін көтеру;

♦ жастар арасында мемлекетшілдікті, мемлекетшілдік идеологиясын өрістету жобалары және т.б. Бұдан әрі автор қазақ тілін өмірге ендірудің, өзге ұлт өкілдерін қазақ тіліне жақындатудың ғылыми тұжырымдамасын түзуге, социоллингвистикалық зерттеулер жүргізуге «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымы да өз үлесін қоса алады деген сенім білдіреді. Енді осы жобаларға қоғамның жергілікті ұйымдарының қатысуы қандай болмақ, осыны алдағы уақытта нақтылап алу қажет болып тұр. Бұл - әлі бізге беймәлім жағдай.

Елбасымыздың өткен жазда БАҚ басшыларымен кездескен кездегі «Менің ел басшысы ретінде де, қазақ тілінде де парызым - қазақ тілін өсіріп-өркендету. Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі, өркендейді. Мен «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген сөзімді тағы қайталағым келеді. Қазақ тіліне қамқорлық жасау - менің перзенттік те, президенттік те парызым», - деді. Бұл сөздер бәрімізге ой салып қана қоймай, баршамыздың қасиетті борышымызға айналып, алдағы үлкен істерге бастауы тиіс деп білеміз.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өмірге енгізу мәселелеріне байланысты материалдар 1999 жылы жарық көрген ұйымның «Ертіс дидары» атаулы газетінде үнемі жарияланып тұрады. Бүгінгі таңда газетіміз өлкеміздегі тіл мамандарының негізгі теориялық және методикалық құралына айналды деуге болады. Қазірде оның материалдарын осы атаулас веб-сайт арқылы интернеттен де беріп келеміз. Алдағы уақытта облыстық тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен осы бастамамызды жетілдіре түсу жоспарымызда бар.

Өткен уақыт аралығында газетімізде академиктер Қаныш Сәтбаевтың туғанына 105 жыл толуына, Әлкей Марғұланның 100 жылдық, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 150 жылдық мерейтойына, жерлес ақындарымыз бен өнер қайраткерлері Бақи Әбдіқадыровтың, Арман Қанидың, Әнуар Қалиевтің, Жанат Шайқықызының мерейтойларына байланысты жарияланымдар жарық көрді. Газет беттерінде республика өміріндегі маңызды оқиға - Қазақстан Парламенті Мәслихатына депутаттар

сайлау кезінде т.у.Сыздықов пен В.Я.Бобровтың кандидатураларына қолдау көрсетілген мақалалар, «Ұлы Ертіс» ассоциациясының директоры Жанайдар Рамазановтың Ертіс өзені мен оның жайылма алқабын қорғап, сақтауға арналған игі істері жөнінде кең көлемді материал жария етілді. Еліміздің зиялы қауым өкілдерінің мемлекеттік тілді қорғау жөніндегі Қазақстан Президентіне, Парламентіне, Үкіметіне жолдаған «Үндеуінің» мәтіні басылып шығарылды. Қазақ мектептері мәселелері, оның ішінде Павлодар қаласындағы №22 мектепті таза қазақ мектебіне айналдыру туралы ата-аналардың өтінішін тексеріп, оған қолдау көрсеткен комиссия материалдары жарияланды. Өлкеміздегі ономастика мен топонимия мәселелеріне байланысты атқарылған іс-шаралар, көтерілген проблемалар жөніндегі материалдар үзбей жария етіліп келеді.

Ісіміздің едәуір ілгері басып, жүйелі, жоспарлы бағытта жүруіне облысымызда Тілдерді дамыту басқармасының ашылуы оң әсерін тигізді деп айта аламыз. Сол кезден бері мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын кеңейту жолында көптеген облыстық іс-шаралар осы ұйыммен қоян-қолтық бірлесе атқарылып, олардың мазмұны мен түр-сипатының, жалпы сапасының қазіргі талғам-талаптар деңгейінен көріне бастағаны байқалады. Бұл ретте кейінгі 2-3 жылдың аралығында осы мекеменің бастығы Талғат Шайкеноұлы Өбілқасымовтың тікелей араласып ынталандыруымен облыстық деңгейде өткізілген тілдер фестивалін, өнегелі үрдіске айнала бастаған, әр айдың бірінші сәрсенбісінде өткізілетін «Бірыңғай мемлекеттік тіл күні» акциясын, т.б. шараларды келтіруге болады. Басқарманың жанынан «Тілтаным» атаулы жаңа журналдың дүниеге келуі де тіл жанашырлары мен мамандарының көңілінен шыққан бір озық әрекет болды деп айта аламыз.

Енді қоғам тарапынан нақтылы орындалған жұмыстарымызға келетін болсақ, олардың ішіндегі ең маңыздысы мемлекеттік тіл мамандары кадрларын қайта даярлап, біліктілігін арттыру мақсатындағы «Қазақ тілі» қоғамы жанынан 2003 жылдың шілдесінде арнайы Орталық ашып, оның жұмысын ынталандырып, жетілдіре түсудегі орындалған істеріміз болды дер едім. Бұл ісімізді кезінде ҚР Ақпарат министрлігінің Павлодар облысы бойынша ақпарат басқармасы бастығы Жеңіс Исаұлы Мананбаев қызу қолдап, қажетінше қол ұшын беріп келді. Содан да болар, жұмысымыз бастығымен-ақ көп қиналмай, бір жөнге келе бастады. «Кеш жүре түзеледі» деп, өз ісін шағын топтардан құрастырылған курстық оқытудан бастаған орталық жұмыс барысында біртіндеп әжептәуір тәжірибе жинақтады. Бүгінде облыс аумағындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің 300-ден аса аудармашылары мен тіл мамандары курстық дайындықтан өткізіліп, тиесілі куәлік алып шықты.

Тіл кадрларын даярлауда Тілдерді дамыту басқармасы жанынан мемлекеттік тілді оқытуға арналған арнайы қазыналық кәсіпорын «Ана тілі» орталығының құрылуы үлкен үміт күттіреді. Біздің ұйым аясын қосалқы күш ретінде бұл істің оған кеңейтіп, толықтыра түсуді мақсат етеді. «Темірді қызған кезінде соқ» дегендей, сұраныстың дәл қазіргідей қызып тұрған шағында, оны бөсеңсітіп алмаудың амалдарын қарастырып, ақылы оқулармен қатар, тегін оқытудың да мүмкіндіктерін қарастырып, қазірде бұл істі жан-жақты ұйымдастыру мәселелері қолға алында.

Осы және басқа да ағымдағы көкейкесті мәселелердің оңтайлы орындалу жолдары, ана тіліміздің бүгінгі тағдыр-болмысы, оның келешегі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің алдағы мерейлі жылы қарсаңындағы іс-шараларда айқындалып, көрініс табар деген үміттеміз. Мемлекеттік тіл мәртебесіндегі ұлттық тілімізді өркендету өлкеміздің зиялы қауым өкілінің, қоғам мүшелерінің, барлық тіл жанашырларының абыройлы борышы деп білеміз.

**М.ӘБДІРАХМАНОВ.**

«Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымының төрағасы.